

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ:  
ТАРИХИ БАҒДАРЫ, ДАМУ БЕЛЕСТЕРІ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ»  
XVIII ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЕУРАЗИЯ ҒЫЛЫМИ ФОРУМЫНЫҢ  
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ  
XVIII МЕЖДУНАРОДНОГО ЕВРАЗИЙСКОГО НАУЧНОГО ФОРУМА  
«30 ЛЕТ НЕЗАВИСИМОСТИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН:  
ИСТОРИЧЕСКИЙ КУРС, ВЕХИ РАЗВИТИЯ И ПЕРСПЕКТИВЫ»**

**MATERIALS  
XVIII INTERNATIONAL EURASIAN SCIENTIFIC FORUM  
«30 YEARS OF KAZAKHSTAN'S INDEPENDENCE:  
HISTORICAL COURSE, MILESTONES OF DEVELOPMENT  
AND PROSPECTS»**

Нұр-Сұлтан, 2021

ӘОЖ 94(574)  
КБЖ63.3(5Қаз)  
Қ18

#### Бас редактор

Сыдықов Е.Б., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Басқарма төрағасы-ректор, ҚР ҰҒА академигі

#### Жауапты редактор

Садықов Т.С., т.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ тарих факультетінің деканы

#### Редакция алқасы

Мерзалинова Г.Т., Басқарма мүшесі – Ғылым, коммерциализация және интернационалдандыру жөніндегі проректор; Айтмағамбетов Д.Р., т.ғ.к., доцент, Басқарма мүшесі – Стратегиялық даму жөніндегі проректор; Сайлаубай Е.Е., т.ғ.к., доцент, ЕҰУ «Ел тарихы» ҒЗО директоры; Сейтказина К.О., т.ғ.к., доцент, деканның академиялық мәселелер жөніндегі орынбасары; Ерменбаева Г.К., т.ғ.к., доцент, деканның ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасары; Көшенова Ғ.И., т.ғ.к., доцент, Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі; Үмітқалиев Ұ.Ұ., т.ғ.к., доцент, археология және этнология кафедрасының меңгерушісі; Дүкенбаева З.О., т.ғ.д., профессор; Мусабалина Г.Т., т.ғ.д., профессор; Ковальская С.И., т.ғ.д., профессор; Алпысбес М.А., т.ғ.д., профессор; Мусағалиева А.С., т.ғ.д., профессор; Сарсамбекова А.С., т.ғ.к., доцент; Сайлаубаева Н.Е., т.ғ.к., доцент; Кабылтаева С.К., PhD, доцент; Каженова Г.Т., т.ғ.к., доцент; Жанисов А.Т., т.ғ.к., доцент; Жапекова Г.К., т.ғ.к., доцент; Брынза Т.В., аға оқытушы; Абдуразаков М.Ф., аға оқытушы (тех. редактор); Бижанов А.С., аға оқытушы (тех. редактор); Оразаев С.Б., аға оқытушы (тех. редактор).

*Редакция алқасының көзқарасы мақала авторларының пікірімен сәйкес келуі міндетті емес/Мнение автора публикаций не обязательно должно совпадать с мнением редакционной Коллегии.*

**«Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 30 жыл: тарихи бағдары, даму белестері және болашағы»** XVIII Халықаралық Еуразия ғылыми форумының материалдары. II том / **«30 лет Независимости Республики Казахстан: исторический курс, вехи развития и перспективы»**: Материалы XVIII международного Евразийского научного форума. II том / Жалпы ред. басқарған Е.Б.Сыдықов. – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2021. – 557 б. – қазақша, орысша, ағылшынша.

**ISBN 978-601-337-588-5**

Бұл жинаққа Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің 25 жылдығына арналған **«Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 30 жыл: тарихи бағдары, даму белестері мен болашағы»** атты XVIII Халықаралық Еуразия ғылыми форумының материалдары енгізілді. Ғылыми форумның жұмысы Президент Қ-Ж.Тоқаевтың **«Тәуелсіздік бәрінен қымбат»** бағдарламалық мақаласының идеяларын жүзеге асыруға бағытталды.

Шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерінде Қазақстан халқының маңызды жетістіктері көрсетіліп, тарих ғылымының неғұрлым өзекті тақырыптары бойынша дамуының кейбір қорытындылары шығарылып, одан арғы зерттеулердің болашағы айқындалды. Жинақтың материалдары ғалымдарға, мамандарға, студенттерге, әртүрлі деңгейдегі ұйымдар мен билік органдарының басшыларына қызықты болуы мүмкін /

В данный сборник включены материалы XVIII Международного Евразийского научного форума **«30 лет Независимости Республики Казахстан: исторический курс, вехи развития и перспективы»**, посвященного 30-летию Независимости Республики Казахстан и 25-летию ЕНУ имени Л.Н. Гумилева. Работа научного форума была нацелена на реализацию идей программной статьи Президента К-Ж. Токаева **«Независимость превыше всего»**.

В работах зарубежных и отечественных ученых отражены важнейшие достижения народа Казахстана и подведены некоторые итоги развития исторической науки по наиболее актуальным темам, определены перспективы дальнейших исследований. Материалы сборника могут быть интересны ученым, специалистам, обучающимся, руководителям организаций и органов власти разных уровней.

ӘОЖ 94(574)  
КБЖ63.3(5Қаз)

**ISBN 978-601-337-588-5**

© Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2021

письменности (с арабского на латинский, а с него на кириллицу), превращение огромной части территории в ядерный испытательный полигон, хищническое использование недр и других природных ресурсов. Вполне очевидно, что такие обстоятельства угнетали национальное достоинство казахов, тормозили развитие самобытной культуры, традиций языка.

Не лучшим было положение представителей других национальностей, особенно, оказавшихся в Казахстане в разные годы в порядке их депортации. Желанием устранить негативные последствия этих трагических обстоятельств продиктовано возложение на государство важнейшей его обязанности, направленной на «Возрождение и развитие культуры, традиций и языка, укрепление национального достоинства казахской нации и представителей других национальностей, проживающих в Казахстане» (ст.8). В этом гуманитарный смысл возрожденной казахской государственности, распространяющей свою юрисдикцию на территорию многонационального Казахстана.

Провозглашение государственной независимости означало возрождение государства на исконной территории Казахстана в форме демократической Республики, отражающей и защищающей не только интересы не только казахов, а всего народа Казахстана, состоящего из представителей разных этносов, являющихся гражданами Республики Казахстан.

### **Список использованной литературы и данных:**

1. Декларация об образовании Союза Советских Социалистических Республик от 30 декабря 1922 г., Договор об образовании Союза Советских Социалистических Республик от 30 декабря 1922 г., - В сб.: История советской Конституции в декретах и постановлениях советского Правительства 1917-1936 гг. - Сост. С. Студеникин. - Москва, Госиздат. «Советское законодательство» - 1936 г
2. Декларация о государственном суверенитете Казахской Советской Социалистической Республики. - Ведомости Верховного Совета КазССР, №44, 1990 г. с. 408.
3. Конституционный Закон Республики Казахстан «О государственной независимости Республики Казахстан» - Ведомости Верховного Совета КазССР, №51, 1991 г., ст. 622.

## **1990-ЖЫЛДАРДАҒЫ ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН МӘДЕНИЕТІНІҢ ДАМУ ТАРИХЫНАН**

**Ахметшина Г.У.**

тарих магистрі, Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты,  
аға оқытушы

**Кабылтаева С.К.**

PhD, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
Қазақстан тарихы кафедрасының доценті

Еліміздің егемендік алуымен тек саяси, экономикалық тұрғыдан ғана өзгерістер болып қоймай, рухани өмірімізде де жаңа үрдістер кеңінен қанат жайды. Кеңес Одағы құрамында болған кездегі партиялық идеология мен саяси қағидалардың қыспағынан құтылған кезден бастап, халыққа білім беру мен ғылым мен мәдениетті дамытудың жаңа белестері ашылды.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында, экономикалық қиындықтарға байланысты мәдени саланы дамытуға қаржы аз бөлініп, бұл саланың біршама тұралап қалғаны рас. Сонымен қатар, тәуелсіз Қазақстанның әлемдік кеңістікке құшағын айқара ашуы батыстық мәдениеттің, онымен бірге түрлі діни секталар мен ағымдардың дендей енуіне жол ашты. Осы мәселеге байланысты республиканың мәдени-рухани саласын басқарудың жаңа түрлерін ойластыру қажет болды. Бұл дегеніміз, халықтың мәдени ұлттық сана-сезімін жаңарту, этномәдени және конфессияаралық әралуандылықты қалыптастыру, тағы басқа мәселелерді назарға алуды қажет етті.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары мәдениетке көп көңіл бөліне бастағанын мерзімді баспасөз беттеріндегі жарияланымдардан да байқауға болады. Мысалы: «Қазақ әдебиеті» газетінің 1991 жылғы нөмірінде «Мәдениет туралы жаңалық» деп аталған көлемді мақалада мәдениет ұғымына жан-жақты анықтама бере отырып, еліміздің мәдени саладағы стратегиялық мақсаттарын атап көрсеткен:

«Мәдениет- тек сала емес, бүкіл қоғамдық организмді, оның экономикалық, ғылыми-техникалық, саяси және рухани қозғалыстарының энергиясын жетілдіру мен дамытудың келешегін анықтайтын әлеуметтік болмыстың фундаменталды негізі де болып табылады.

Мұндай жағдайда мәдени саясаттың стратегиялық мақсаттарына біздің пікірімізше мыналар жатады:

-елдің мәдени потенциалын сақтау, қазақ мәдениетінің дамуының мәдени жаңашылдықтар мен мәдени өмірдің полиэтникалық алуан түрлілігін мемлекеттік қолдаумен қатар сабақтастығын қамтамасыз ету;

-біртұтас мәдени кеңістікті қалыптастыру, көпұлтты мемлекетте субмәдениеттердің сұхбаты үшін жағдайларды қамтамасыз ету;

-біртұтас мемлекеттің азаматтары ретіндегі әртүрлі әлеуметтік және этникалық топтардың мәдени интеграциясын қамтамасыз ететін құндылықтарды құру.

Мемлекеттік мәдени саясаттың бүгінгі және таяу келешектегі негізгі мақсаты ретінде елдің саяси, әлеуметтік және экономикалық жаңаруы үшін қажетті алғышарттар дайындай алатындай қоғамның мәдени жағдайын ұстап тұру мойындалады. Осы мақсаттардың шешімін табуды талап ететін мынадай міндеттер туындады:

- адам мен қоғамның әлеуметтік-мәдени құндылықтық бағдарларының жаңа жүйесін жан-жақты дамыту және бекіту, ұлттық және тарихи дәстүрлерді Қазақстанды социомәдени модернизациялау міндеттерімен шығармашылық тұрғыдан сәйкестендіретін болмыстың жаңа аксиологиясын құру;

- адам әрекетін өмірдің жаңа мазмұнын, формалары мен сапасын жасауға бағыттайтын адами қажеттіліктер мен әлеуметтік мүдделердің барлық көріністерінде рухани-құндылықтық компонентті жан-жақты дамыту;

- жалпыадамзаттық құндылықтарды кез-келген ұлттық мәдениеттің терең мазмұнымен өзара байланыстырып, ұғынуды білдіретін плюралистік дүнеитанымды тәрбиелеу;

- ұлттық, конфессионалдық және әлеуметтік саяси бөлектенуді игеруде, толерантты қарым-қатынаста мәдени өзара байланысқа құрметпен қарау қажеттілігін тәрбиелеу;

- «жоғары мәдениетке» қамқорлық жасайтын мемлекеттік сектор мен арасындағы түбірлі алшақтықтың орнына өзара толықтыру принципіне негізделген бірлестіктің жаңа типін бекіту.

Біз жоғарыда белгілеген жаңа мәдени саясаттың негізгі міндеттердің аясында жеке құқықтар мен мүдделерді құрметтеуге негізделген демократиялық мәдени саясаттың басты міндеті белгілі бір таңдауды әкеліп таңуда емес, қазақстандық өркениеттің дамуы мен қалыптасуының стратегиялық жолдарын перспективалық түсіну тұрғысынан алғанда мәдени процестердің жалпы мазмұнын реттеу мен пайымдалған түзету енгізуге бағытталған идеялардың зорлықсыз салыстырылуын талқылау мен жеңілдетуді ұйымдастыру болып табылады. Мемлекеттік мәдени саясат пен нақты практика арасында өткір қайшылықтар әрқашан да және әсіресе бүгін әлеуметтік-экономикалық нақтылықта елдің мәдени өмірін қаржыландыру құралдарын шоғырландыру саласын айналып өтпейді. Бұл тұрғыдан алғанда мәдениетті сақтау мен дамытудың мемлекеттік кепілінің негізі мемлекеттік қаржыландыру болып қала береді.

Оның тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін, мемлекеттік биліктің барлық деңгейлерінің бюджеттерінде мәдениетке жыл сайын жұмсалатын шығынның үнемі өсуін бекіту қажет және оны бюджетті қалыптастыру барысында әрқашан бұлжытпай сақтап отыру керек. Бюджетті орындау барысында алынған қосымша табыстарды осы пропорцияда мәдениетке бағыттап отыру керек [1].

Сонымен қатар, 90-жылдардың басында республика басшылығы тарапынан ауылдың элеуметтік-мәдени дамуына да ерекше көңіл бөліне бастаған. Ел Президенті Н.Ә.Назарбаев 1990 жылы: «ауылдағы мәдени ошақтардың қызметі негізінен айтарлықтай жолдарға қойымаған...және оның басты себептері бізге мәлім», -деп атап айтады [2], осы бағытта 1991 жылы қабылданған «Қазақ КСР-індегі ауыл, село мен агроөнеркәсіптік кешеніндегі басымдылықтар» (приоритеті) туралы Заңның VIII бөлімінің 43 тармағының 2 бабында: «қаржы бірінші кезекте ауылдың мәдениетін көтеруге бағытталады» делінген [3]. Десек те, мұның бәрі нарықтық экономикаға көшу кезеңіндегі өтпелі уақытта іске аспай қалды.

Әсіресе, қоғамның рухани байлығының көзі болып саналатын кітапханалар мәселесі қиындап кетті. 80-жылдары бұл салада өсу мен даму байқалған еді, мысалы 1989 жылы елімізде 9751 кітапхана жұмыс істеп тұрды, күніне 12-15 кітап жарық көріп, жылдық көрсеткіш 2 мыңнан асатын, жалпы тираж 36 млн. кем болмайтын [4]. Ал, 80-жылдардың екінші жартысында 10 мың кітапхана қызмет көрсетіп, жылына 290,6 млн дана баспа өнімдері жарық көріп тұрды [5].

Бірақ, бұл көрсеткіш, республика халқын кітаппен қамтудың тек 45 пайызын ғана жапты, яғни, Одақ бойынша европалық бөліктегі республикалармен салыстырғанда еліміздегі кітаппен қамтудың 2-3 есе төмен екендігі анықталды [6].

1989 жылы 26-29 қыркүйек аралығына Алматы қаласында «Кітапстан-89» атты Орта Азия республикалары мен Қазақстандық академиялық кітапхана қызметкерлерінің форумы өтті. Форум жұмысына Балтық бойы елдерінен: Литвадан, Эстониядан, Белоруссиядан, Моңғолиядан және КСРО ҒА Орталық кітапханасынан делегаттар қатысқан, мұнда кітапханалардың техникалық тұрғыдан жабдықталуы туралы пікірлері ортаға салынып, алғаш рет кітапханаларды компьютерлендіру мен автоматтандыру процесін шұғыл қолға алу туралы айтылды [7].

80-жылдардың аяғында республика тұрғындары арасында қазақтардың саны 41 пайызға жетті, сондықтан да, кітапханаларда қазақ тіліндегі кітаптар мен басылымдарды көбейту мәселесі күн тәртібінде тұрды. [8].

Мысалы, осы аталған кезеңде, яғни 80-жылдардың соңы мен 90-жылдардың басында Шымкент облысында 890 кітапхананың тек 450-і қазақтар тұратын елді мекендерде қызмет көрсетсе, 377 кітапхана аралас елді мекендерде, 53 кітапхана өзбек тілді, ал 10 кітапхана неміс тілді тұрғындарды қамтып, осы облыста тұратын 100-ден астам ұлт өкілдерінің 60 пайыздан астамы қазақтар болғанына қарамастан, облыстағы барлық 8,5 млн кітап қорының тек 34,6 пайызы ғана қазақ тіліндегі кітаптар болды, ал 62,2 пайызы орыс тіліндегі басылымдар болатын. Яғни, орыстарға жан басына шаққанда 13 кітаптан келсе, қазақтарға тек 3 кітаптан ғана келді. Сол жылдары қазақ ертегілерінің жинағы «Бозінген» кітабына 2000 данаға сұраныс түскенімен, бірінші сұраныс барлығы 176 данамен, екінші сұраныс 120 данамен ғана қамтамасыз етілген [9].

Осындай көрініс Алматы қаласындағы еліміздің Бас Мемлекеттік Кітапханасына да тән болды: Бас кітапханадан шыққан 67 әдістемелік кітапшаның тек 17-сі ғана қазақ тілінде басылып шыққан [10].

Деректерден байқағанымыздай, 1990 жылы Қазақстандағы кітапханалар саны 9701 болса, 1998 жылы небәрі 3033 кітапхана болған. Осы кітапханалардағы журналдар мен кітаптар саны 1990 жылы 113 млн дана болса, 1995 жылы 97 млн, 1998 жылы 71,4 млн данаға азайған. Тек қана кітапханалар емес, мәдени ошақтардың бірі клубтар да осындай ауыр кезеңді бастан өткізді. Клубтар саны 1990 жылы - 9350, 1995 жылы - 5267, ал 1998 жылы - 1624 ғана болды [11].

Міне, бұл мәліметтерден тәуелсіздіктің алғашқы жылдары мәдени ошақтардың күйзеліске ұшырағанын байқаймыз. Кеңес Үкіметі кезінде қыруар қаржы жұмсап, бой көтерген халықтық клубтар мен Мәдениет Сарайлары, кітапханалардың 70 пайыздан астамы өз жұмыстарын тоқтатты [12].

Мәдени саланы көтеру осы бағытта қызмет атқаратын мамандарды дайындаумен де тығыз байланысты. Бұл бағытта Кеңес заманында «Ауыл халқына мәдени қызмет көрсетуді

арттыра түсу шаралары» [13], «Көркемөнерпаздар шығармашылығын одан әрі арттыра түсу» [14] және «Клуб мекемелері мен Спорт Кешендерін қолдануды жақсарту шаралары» [15] сияқты КОКП ОК мен соған сәйкес ҚКП ОК-нің және Министрлер Кеңесінің түрлі қаулылары жарық көрді. Соның нәтижесінде 80-жылдары елімізде 4 жоғары оқу орны, нақтырақ айтсақ, Абай атындағы ҚазПИ мен Әл-Фараби атындағы Шымкент педагогикалық өнер Институты мәдени-ағарту мамандарын дайындаумен айналысты. Ал, Алматы консерваториясы мен театр-өнер институтының түлектері алған мамандықтарының ерекшеліктеріне орай, бұл қызметпен ішінара ғана шұғылданатын. Мәдениет пен өнер саласына қажет мамандар республиканың 35 арнаулы оқу орындарында, оның ішінде 18 музыкалық, 2 көркемсурет, 1 хореографиялық және 14 мәдени-ағарту училищелерінде дайындалды [16].

80-жылдары 352 адам мәдени-ағарту саласы бойынша Москва мен Ленинград (Санкт-Петербург) қалаларынан білім алып, елге оралды. 60-жылдардың басында мәдени-ағарту саласында 24 мың адам қызмет етсе, 80-жылдардың соңында бұл салада 100 мыңға жуық маман жұмыс атқарған, Бірақ, осы мамандардың басым көпшілігінің «дипломы болмағаны» мәлім болды. 80-жылдардың екінші жартысында Қазақстанның 19 облысының 9-да жоғары және орта білімі бар клуб қызметкерлерінің азайғандығы байқалды [17]. Мұндай мамандар санының кемуіне, қоғамда болып жатқан әлеуметтік-саяси және экономикалық өзгерістер әсерін тигізгені анық.

Қарастырып отырған кезеңімізде мәдени-ағарту саласындағы мамандарға байланысты мәселелер басқа да маңызды жағдайларға назар аудару қажет екендігін байқатты, бұлар: мамандардың басым көпшілігі орыс тілді болғаны, соның салдарынан ұлттық мәдени дәстүрлер мен этнопсихологиялық, этнопедагогикалық салаларға баса назар аударылмай, мәдениет саласындағы жолдамамен жіберілген мамандардың бір орында тұрақтай алмауы (әсіресе ауылды жерлерде), бұған себеп: жергілікті басшылықтың мамандардың әлеуметтік-материалдық жағдайларын шешуде құлықсыздық пен енжарлық танытуы деп айтуға болады.

Осы бағытта білім алушылар туралы деректерге көз жүгіртер болсақ, өнер және кинематография саласында 1996 жылы 1990 жылмен салыстырғанда талапкерлер саны 325-тен 203-ке дейін (оқу-ағарту саласында), 198-ден 160-қа дейін (кино және театр) төмендеген [18].

Өнер тарихы мен өнертану салаларында 1990 жылы 91 адам ғылыми-зерттеу жұмыстарымен шұғылданып, оның тек (2) ғана өнертану ғылымдарының докторы, ал 18-і ғылым кандидаттары екен. 1996 жылы осы мәліметтер төмендегідей: ғылым докторлары -2, ғылым кандидаттары-12, яғни 1990 жылдан 6 адамға кеміген [19].

Әрине, бұл мәліметтер бізге өнер саласында қызмет етуші мамандардың саны мардымсыз болғандығын мәлімдейді. Былайша айтқанда, мәдениет пен өнердің бүкіләлемдік немесе жалпыөркениеттік стандарттарына толығымен жауап беретін мамандар дайындау мүлдем тоқтаған.

Негізінде, 90-жылдары республикадағы мемлекеттік мәдениет мекемелерінің жүйесіне: мәдени демалыс орындары, кітапханалар мен мұражайлар, театрлар мен концерттік ұйымдар, кино өнерінің мекемелері, мәдениет және демалыс парктері енді. Бұл мекемелердің барлығы мемлекеттік баланс есебінде тұрды. Тәуелсіздіктің алғашқы онжылдығында мәдени саланы қаржыландыру мәселесі өзгеріске ұшырады, яғни ұлттық маңызға ие мемлекеттік мәдени мекемелерді, нақты мәдени жобалар мен бағдарламаларды жүзеге асыру үшін әртүрлі қаржы көздерін тарту мүмкіндігі ашылды, меншік формасының өзгеруіне байланысты кинематография, туризм, спорт, теледидар, концерттік ұйымдар өзін-өзі қаржыландыруға көшті [20].

Осы жылдары мемлекеттік емес мәдени мекемелердің де жұмыстарын бақылау мақсатында, оның ішінде: ұлтқа, мемлекетке қарсы идеяларды таратып, насихаттауына жол бермеу үшін аталмыш мекемелердің барлығын тіркеуден өткізу тәртібі енгізілді. Мәдениет саласында бірыңғай ақпараттық кеңістік құру мәселесі күн тәртібіне қойылды. Тәуелсіз елдің рухани қуатын анықтайтын, еркін ұлт ретінде әлемдік қауымдастықтан орын алуын

қамтамасыз ететін бірден-бір жол осы еді. Бұл мақсатты іске асыру үшін, әрине халықты рухани жаңғырту басты мәселе болды [21].

Тәуелсіздікке қол жеткізген алғашқы жылдардан бастап ақ, Үкімет мәдени-шығармашылық бостандық жариялап, ұлт өнерін дамыту, жариялылықты қамтамасыз ету, шығармашыл интеллигенция жұмысын жариялау секілді міндеттемелер алды. Осындай бағыт-бағдар ұстанғандықтан, болып жатқан экономикалық қиындықтарға қарамастан, елімізде мемлекеттік театрлардың ешқайсысы жабылып қалған жоқ. Керісінше, әрбір өңірде жаңадан шаңырақ көтерген театрларды санамаласақ, Көкшетауда қазақ музыкалық драма театры, Ақтөбеде драма театры, Ақмолада музыкалық драма театры, Батыс Қазақстан облысында Мәдениет Институты және Қазақ драма театры, Мәдениет Министрлігі жанынан күрделі мәдениет мәселелері бойынша Ғылыми Орталық ұйымдастырылып, ашылғанын айтуға болады.

Тәуелсіздік алған алғашқы жылдардағы еліміздің мәдени-рухани дамуы жайында Ұлттық архив деректеріне көз жүгіртер болсақ, 1991 жылы «Қазақконцерт» Қазақ мемлекеттік гастрольді – концерт бірлестігінің ұйымдастыруымен 1440-қа жуық концерт өткізілген. Бұл концерттерді еліміздің 294,9 мың тұрғыны тамашалаған. Сонымен қатар, «Самал», «Жазира», «Рауан», «Дос Мұқасан», «Арай» және «Перне» ұжымдары жаңа концерттік бағдарламалар өткізген. Бұдан басқа, елімізге осы жылдары көршілес елдерден, атап айтсақ, Мәскеуден «Театр сатиры», «Театр на Таганке», «Московский театр силы» сияқты театр ұжымдары, Украина мен Шыңжаң Ұйғыр Автономиялы Республикасынан келген өнер фестивальдері өткізіліп, қазақстандықтардың көңілінен шыққан [22].

2001-2006 жылдар аралығында Қазақстанда 10 жаңа театрлар, Елордамыз Астанада екі театр ашылды [23].

Тәуелсіздік жылдары қазақ кино өнері де біршама дамығанын байқаймыз. Отандық кинотуындыларымыз әлемдік, халықаралық кино фестивальдерге қатысып, жүлделерге ие болды. Алматыда өткен «Еуразия» кинофестиваліне әлемдік жұлдыздар: Жерар Депардьё, Софи Марсо, Эммануэль Беар, Кристофер Ламберт қатысты. Бұл фестивальдің өтуі Қазақстан киноиндустриясының әлемдік қауымдастықта өз орны бар екендігін таныта білді [24].

1997 жыл елімізде ұлттық татулық және саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы болып жарияланғаны белгілі. Осыған байланысты, 1997 жылы 13-желтоқсанда Ақмолада саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған мемориалдық кешен ашылып, саяси қуғын-сүргін құрбандарын анықтау жұмыстары жалғасты. 19.144 адам ақталды [25].

Қай кезеңде болмасын, ұлт зялыларының негізгі міндеті- халқына сол тарихи кезеңдегі мүдделері мен міндеттерін ұғындыру болып табылады. Олар өздерінің бар шығармашылық қуатын осы мақсатқа жету үшін жұмсайды. Қазіргі таңда зиялылар үшін басты міндет – ұлтымыздың халықтық негіздерін қайта жаңғыртуға күш жұмсап, Кеңестік қызыл империя дәуірінде ұмтылып қалған рухани тамырымызды қайта жаңғырту.

Тәуелсіздік алған жылдардан бері, елімізде ұлттық мәдениеттің дамуына септігін тигізетін көптеген іс-шаралар қолға алынып, талай тарихи «ақтаңдақтардың» беті ашылып, ұлттық сана-сезімнің өрлеуі байқалды, осыған ықпал етуші мемлекеттік дәрежеде көптеген іс-шаралар өткізілді. Атап айтсақ, 1992 жыл күллі түркі әлемі, Қожа Ахмет Яссауи бабамыздың 900 жылдығын атап өтті. Осы жылдың 12-16 маусымы аралығында бұл мерейтой, Яссауидің туған өлкесі Түркістан, Отырар, Қызылқұм елді мекендерінде кеңінен жалғасын тапты.

Қазақстан халқының мәдениетімен әлем халқын таныстыру мақсатында, еліміздің барлық облыстарына 24 ғылыми экспедициялар аттандырылып, бұл экспедициялар 74 ауданды аралады. Тараз қаласының маңындағы Ақыртас кешені ашылып, зерттелінді. Италияның Мантуя қаласында «Алтын адам Қазақстан далалары қола дәуірінен халықтардың ұлы қоныс аударуына дейін» атты еліміздің мәдениетімен таныстыру мақсатында көрме өткізілді [26].

90-жылдары еліміздің мәдени саласында жаңа құбылыстар мен іс-шаралар бой көрсетті. Осы жылдары өткізілген «Азия дауысы», «Үкілі домбыра», «Жігіттің сұлтаны», «Жас Қанат», «Әнші балапан» секілді халықаралық және республикалық дәрежедегі байқаулар еліміздің әлемге танымал бола бастауына себеп болды. Бұдан басқа, Түркияның және басқа да түрік елдерінің Қазақстандағы күндері, Қазақстан өнер шеберлерінің алыс және жақын шетелдерге іссапарлары, атап айтсақ, «Судзуки» балалар ансамблінің Жапонияға, Алматы хореографиялық училищесі оқушыларының Швейцарияда, Лихтенштейнде және Сан-Диегода өнер көрсетуі, 1995 жылы ЮНЕСКО көлемінде ұлы Абайдың 150 жылдық мерейтойының атап өтілуі, ұлы ақынға қатысты Мәскеу мен Санкт-Петербургте, Түркия мен Қытайда, Моңғолия мен Иранда өткізілген салтанатты жиындар мен мерейтойлар еліміздің мерейін үстем етуге үлес қосты. Сонымен қатар, елімізде скрипка, пианино өнерінің майталман шеберлері А.Мұсаходжаева, Ж.Аубакирова, әнші Ә.Дінішевтердің жетекшілігімен өткен байқаулар әлемдік өнерге қосқан үлесіміз болып есептеледі [27].

Жалпы, мәдениет саласын дамытуға басымдық беру 1993 жылы қабылданған алғашқы Конституциямыздың 24-бабында да көрініс тапқан: «Білім беруді, ғылым мен мәдениетті дамытуға жәрдемдесетін ұйымдар мен адамдар мемлекеттен қолдау табады. Мемлекет білім берудің, ғылым мен мәдениеттің басым дамуын қамтамасыз етеді» [28].

1995 жылы Алматы қаласында Республикалық мәдениет пен өнер қызметкерлерінің кеңейтілген Кеңесінде елімізде қалыптасып отырған мәдени жағдайға байланысты ой-пікірлер айтылып, ҚР Президентіне арнайы Жолдау қабылданған еді. Мұнда: «Бізге керегі жаңа мәдени революция емес, бізге керегі ұлттық мәдени дәстүрлер мен жалпыадамзаттық құндылықтарға иек артқан жаңа мәдени саясат. Ал, мәдени даму барысында тың көкжиектер қажет», -деп көрсетілген.

Қазақстан Республикасының 1996 жылы қабылдаған «Мәдениет туралы» Заңының 3-бабында мынадай мәселелер айтылған: азаматтардың шығармашылық қызметінің еркіндігі; мәдени байлықты жасауда, оны пайдалану мен таратуда барлық азаматтардың құқығы бірдей; тарихи-мәдени мұраны қорғау; ұлттық және әлемдік мәдениет құндылықтарын қатар игеру аясында тәрбие мен білім беру жүйесін дамыту; мәдениет саласында монополиялық пиғыл-әрекетті болдырмау; мәдениетті қаржыландыруда бюджеттік, коммерциялық және қайырымдылық бастамаларды қолдап-қуаттау; мәдени қызметті ұйымдастыруда мемлекеттік және қоғамдық бастамаларды бірдей пайдалану.

Жаһандану заманында бұқаралық мәдениеттің ықпалы ерекше болатынын атап өткен жөн. Осы орайда, дамыған елдер мен дамушы елдер арасындағы бұқаралық мәдениеттің дамуықарама-қайшылықты екенін естен шығармайық. Жаһандану заманында батыс елдерінің бұқаралық мәдениеті жетекші орынға шықты. Халықаралық байланыстарды жүргізу үрдісінде ағылшын тілінің үстемдігі, Еуропа мен АҚШ-ң ғылыми-техникалық және әлеуметтік-экономикалық тұрғыда табысты түрде дамуы осының айғағы. Батыс елдерінің мәдени экспансиясы халықаралық құжаттарда мәдени империализм ретінде жиі анықталып жүр. Негізінде, «мәдени империализм» деп, шетел мәдениеті құндылықтары мен дәстүрлерін өзге ұлттың мәдениеті есебінен тарату мен көтеру үшін саяси және экономикалық билікті қолдану деп атаймыз. Мәдени империализмнің негізгі белгілеріне жататындар:

1. Батыстық қоғамға тән өмір тәртібі мен тұтынушылық бағдарларды көшіру;
2. Өзге мәдениеттердің үлесін ескермей, универсалды деп сипатталатын батыстық мәдениетті енгізу;
3. Мәдени байланыстар арқылы саяси мақсаттарға жетуге ұмтылу;
4. Ақпараттың біржақты ағымы- «орталықтан» «шеткеріге» яғни, коммуникация мен бұқаралық ақпарат құралдары және көңіл көтеру индустриясы саласындағы ірі батыстық компаниялардан өзге елдердің сан мыңдаған аудиториясына қарай ағуы;
5. Батыстық бағдарды бекітуге жағдай жасайтын және буржуазиялық Батыс ықпалының сүйеніші болатын жергілікті әлеуметтік-мәдени элитаны қалыптастыру.



1993 жылы 5-қарашада Н.Ә. Назарбаевтың №1394 Жарлығымен «Болашақ» халықаралық стипендиясы құрылды. Бұл «Болашақ» бағдарламасының бірінші кезеңі деп 1993 жылдан 2000 жылға дейінгі аралықты айтуға болады. Бұл кезеңде осы «Болашақ» халықаралық стипендиясы бағдарламасын жүзеге асыратын нормативтік актілер дайындалды. 1994 -1997 жылдары аралығында аталмыш бағдарлама аясында 700 стипендиат әлемнің 13 елінде экономикалық, гуманитарлық, және техникалық-инженерлік мамандықтар бойынша білім алған. 1997 жылдан бастап, "Болашақ" стипендиясын беру тәртібінің жаңа ережесі қабылданды. Ол бойынша, талаперлерді біліміне қарай таңдау, олар шетелден оқуды аяқтап оралғаннан кейін, еліміздің мемлекеттік органдарында жұмыспен қамтамасыз ету мәселесі жолға қойылды. Сонымен қатар, жастарымыздың өркениеті жоғары шет мемлекеттерің жоғары оқу орындарында мемлекет тарапынан тегін білім алуына мүмкіндік туды [29].

Бұл бағдарлама еліміздің болашағы жастар үшін өте маңызды болды. Шетелде оқуын аяқтап келген жастар аман-сау елге оралды. Бағдарламаны қабылдау, Елбасының көреген саясатын білдіреді, бағдарлама аясында еліміздің саяси-экономикалық әлеуетін көтеретін мамандар дайындалды. ТМД елдері бойынша, мұндай тәжірибені Қазақстан алғаш болып қолданып, бағдарламаның нәтижесін көрді.

Міне, жоғарыда атап өтілген мәліметтерге сүйенсек, тәуелсіз Қазақстан Республикасы егемендігін жариялаған алғашқы жылдардан ақ, ұлт мәдениетін көтеруге бел шеше кірісіп, ел жастарын жарқын болашаққа жетелейтін түрлі бағдарламаларды қабылдап, осы бағытта қыруар жұмыс атқарылғанын байқаймыз. Қазіргі таңда, қол жеткізген мәдени жетістіктеріміздің бастамасы осы жылдардан басталғаны белгілі. Сондықтан да, өткен белестерімізді ұмытпай, келер ұрпаққа тәуелсіз еліміздің тарихын бұрмаламай, нақты дәлелдермен жазып қалдыру әрбір тарихшы ғалымның тікелей міндеті деп санаймыз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі:**

1. Мәдениет туралы жаңалық // Қазақ әдебиеті.-1991, наурыз-19.
2. Новости о культуре // Казахстанская правда.-1990, февраль-16.
3. Новости о культуре // Казахстанская правда.-1991, март-27.
4. Новости о культуре // Агитатор Казахстана-1989.-№23
5. Актуальные проблемы развития библиотечного дела Казахстана: сб.науч. стат. //Библиотека А.С.Пушкина.-Алма-Ата ГБ им. А.С.Пушкина, 1987.-78 с.
6. Изменение социально-классовой структуры и расцвет материально-духовной культуры КазССР в период развитого социализма: темат.сб.науч.тр./под ред А.Н.Алексеевко.-Алма-Ата:КазПИ им.Абая, 1984.-78с.
7. Калышева К.А.Форум академических библиотек Средней Азии и Казахстана: «Кітапстан-89»// Вестник АН КазССР.-1989.-№12.-С.76-77.
8. Тәтімов М. Ауылдағы демографиялық ахуал.-Алматы: Қайнар, 1990.-240 б.
9. ҚР ҰА, 131-қор, Т.1. Іс.1533.
10. ҚР ҰА, 131-қор, Т.1. Іс 1654
11. ҚР ҰА, 27-қор, Т.1. Іс 165.
12. ҚР ҰА, 379-қор, Т.1.Іс.689.
13. Ауыл халқына мәдениқызмет көрсетуді арттыра түсу шаралары // Правда.-1977, октябрь-25
14. Көркемөнерпаздар шығармашылығын одан әрі арттыра түсу // Правда.-1978, апрель-2.
15. Клуб мекемелері мен Спорт Кешендерін қолдануды жақсарту түсу шаралары // Правда.-1985, июнь-16
16. ҚР ҰА, 131-қор, Т.1. Іс.654
17. ҚР ҰА, 131-қор, Т.1. Іс.1234
18. ҚР ҰА, 379-қор, Т.1. Іс.756
19. ҚР ҰА, 379-қор, Т.1. Іс.833
20. ҚР ҰА. Қ.27.Т.1. Іс.206
21. ҚР ҰА, 131-қор, Т.1.Іс.1923
22. ҚР ҰА, 27-қор, Т.1.Іс.206
23. Мәдениет туралы жаңалық // Алаш айнасы.-2007, қаңтар-12.
24. ҚР ҰА, 27-қор, Т.1. Іс 165.
25. ҚР ҰА, 131-қор, Т.1. Іс.2456.
26. ҚР ҰА, 131-қор, Т.1. Іс.2457
27. ҚР ҰА, 54-қор, Т.1. Іс.325

28. Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл. (Заң актілерінің жинағы). 10 лет независимости Республики Казахстан. (Сб.законодательных актов). Алматы: Жеті жарғы, 2011.760 б.
29. Егорова Э.Н. Современные проблемы духовной культуры. Невостребованная культура //Социально-политический журнал.-1992.-№10.-С.44-50.

## **ТӘУЕЛСІЗДІК РУХЫМЕН ҚАНАТТАНҒАН ҰЛЫ КӨШІ**

**Байжұма Г.**

С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ, Қазақстан тарихы кафедрасының аға оқытушысы  
**Дүкенбаева З.О.**

т.ғ.д., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті профессоры

Биыл ел Тәуелсіздігімен қатар, қазақ көшінің тарихи Отанына табан тірегеніне де 30 жыл. Тәуелсіздік бізге ұлттық, аймақтық және жаһандық өлшемде шексіз жауапкершілік жүгін артты. Біз осынау ұлы тағдырды қабыл алып, бірегей бірлігіміз бен табысты тірлігіміз арқылы тарих сынағынан сүрінбей өтіп келеміз. Халқымыз Тәуелсіздіктің берік тұғырын бекітіп, Мәңгілік Ел болуға бет бұрды, бекем бел буды. Сол себепті, Тәуелсіздік күні – күллі қазақстандықтармен қатар тарихи Отанымен табысқан қандастар мен әлемнің әр қиырындағы отандастарымыз үшін де ең ұлы құндылық һәм ұлық мереке екеніне еш күмәніміз жоқ.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың ең алдымен жолға қойған саясаты – көші – қон мәселесі. Тіптен, астананы Арқа төсіне, шекараны әлемдік талапқа сай етіп бекітуден де бұрын осы шеттегі қазақтарды қара шаңырақ Қазақстанға шақыруды қолға алған. Бүгінгі «Мәңгілік ел» ұлттық идеясының түп негізі – осы көші – қон саясатымен қаланған еді. Демек, көші – қон – өз тізгінін қолына алған Тәуелсіз ел болғанымызды шын мәнінде әйгілі еткен бастама.

Ғасырлар тоғысында дүниежүзілік көші – қон қозғалысында маңызды орын алатын қазақ көші – аздың көпке, жалғыздың жалпыға, ескінің жаңаға қарай ұмтылған, бір мүдделі әр елдегі «қазақ» деген халықтың дүниежүзілік қауымдастықта өз орнын айқындап, өз елінің тәуелсіздігін құрып, нығайту мақсатымен ата – баба топырағында қауышу ниетін айқын аңғартқан сипат алады. Бір кездері бүкіл әлемді өзінің жойқын қарулары арқылы дірілдеткен «Кеңес одағы» деген алып империяның қабырғасы сәгіліп, оның құрамында болған халықтар өз тәуелсіздіктерін бірінен соң бірі жариялап жатқан кез еді. Өз тәуелсіздіктерін бәрінен бұрын жариялаған Балтық жағалауы елдерін айтпағанда, Кеңес қазанында бірге қайнап, бірге піскен, тарихы мен тілі ұқсас қырғыз бен өзбектер де тәуелсіздіктерін жариялап үлгерді.

Қызыл империяның күші әлсіреп, тоталитарлық жүйенің тоңы жібіп, демократиялық жаңа кезеңнің таңы ата бастаған алғашқы кезден – ақ шетелдерде шашырап жүрген қандастарымыз, соның ішінде Моңғолиядағы қазақтар алғашқы болып көш басын атамекенге бұрған еді. Империяның бодандығында отарлау саясатының құрбаны болып, өз жерінде өздері азшылыққа ұшыраған атажұртта тағдыр тәлкегіне түсіп, әр елге тарап кеткен алыстағы ағайын да бір – бірімен қауышуы, ұрпақтардың тоғысуы олардың болашаққа деген үміт – арманының, мүддесінің бірілігінде еді.

Шетелдегі қазақ диаспорасының тарихи Отанына оралуы туралы айтар болсақ, бұл жолда Моңғолия қазақтарының белсенділігін ерекше атап өтуге болады. Өйткені Моңғолиядағы қазақтар Қазақстан нақты тәуелсіздікке қол жеткізбестен бұрын, Кеңестер Одағының құрамынан шықпай тұрып, дәлірек айтсақ 1991 жылдың сәуір айында атажұртқа көшу идеясын қолға алған болатын. Себебі, социалистік жүйедегі елдер құрамына жататын, шын мәнінде Кеңес Одағының отары Моңғолияда коммунистік жүйе 1990 жылы құлап, демократиялық жүйе қалыптасып, халық еркіндікке қол жеткізе бастады. Моңғолияда басталған демократиялық жаңарудың арқасында жаңа құрылған үкіметтің вице - премьері лауазымды қызметіне тағайындалған алғашқы қазақ Зардықан Қинаятұлының қазақ зиялыларын жинап Қазақстанға көшу мәселесін қарастыра бастады. Сонымен қатар,